

"Астана қаласының және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жердің пайдалану ережесі мен режимін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 1269 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 318 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Астана қаласының және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жердің пайдалану ережесі мен режимін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 1269 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 47, 525-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану қағидалары мен режимін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану қағидалары мен режимі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Астана қаласының және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану ережесі мен режимі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ 318 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2003 жылғы
18 желтоқсандағы
№ 1269 қаулысымен
бекітілген

Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану қағидалары мен режимі

1. Осы Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған жерді пайдалану қағидалары мен режимі (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған елді мекендердің жері осы қалалардың бас жоспарлары (бұдан әрі – бас жоспар), олардың аумақтарын жоспарлау мен құрылыс салу, жер-шаруашылық орналастыру жобалары, жерлерді аймақтарға бөлу схемалары және осы қалаларды дамыту ескерілетін өзге де қала құрылысы құжаттамасы негізінде пайдаланылады.

3. Аумақтары қала маңы аймағына енгізілген елді мекендердің бұрын бекітілген жоспарлау мен құрылыс салу, аумақтарды жер-шаруашылық орналастыру жобаларының, жерді аймақтарға бөлу схемаларының және өзге де қала құрылысы құжаттамаларының (бұдан әрі – жобалар) астананың және республикалық маңызы бар қалалардың бас жоспарларына сәйкестігін айқындау үшін тиісті елді мекеннің жергілікті атқарушы органы оларды астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне келісуге ұсынады.

4. Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері үш ай мерзімде жобаларды тиісті сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары жөніндегі, қоршаған ортаны қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық органдарының, өзге де қызметтердің қарауын қамтамасыз етеді және олардың қорытындысы негізінде ұсынылған жобаларды келісу туралы шешім қабылдайды.

Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың бас жоспарларына сәйкес келмеген жағдайда олардың әкімдіктері аумақтары қала маңы аймағына қосылған тиісті облыстардың әкімдіктеріне жобаларды бас жоспарларға сәйкес келтіру үшін оларды түзету туралы өтініш білдіреді.

5. Қала маңы аймағының елді мекендерінің түзетілген жобаларын белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті өкілді органдар бекітеді.

6. Астананың және республикалық маңызы бар қалалардың қала маңы аймағына қосылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін белгіленген тәртіппен пайдаланылады. Қала маңындағы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды дамыту аймағына қосылған жерлерді ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден басқа түріне ауыстыруды аумақтары қала маңы аймағына қосылған жергілікті атқарушы органдар өздерінің құзыретіне сәйкес ерекше жағдайларда заңнамада айқындалған тәртіппен жүргізеді.

7. Ормандар, орман парктері және басқа да жасыл екпелер орналасқан жасыл аймақтардың жерлері қорғау мен санитариялық-гигиеналық функцияларды атқарады және орман қоры жеріне жатады. Жасыл аймақтардың жерлері мәдени-сауықтыру, рекреациялық және туристік мақсаттарға пайдаланылады. Бұл жерлерде жасыл аймақтардың қорғау, санитариялық-гигиеналық функцияларына және халықтың демалысын ұйымдастыру мақсаттарына сай келмейтін құрылыстар мен құрылыс-жайларды салуға жол берілмейді.

8. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағына қосылған жерлер астананың және республикалық маңызы бар қалалардың дамуы, осы қалалардың инженерлік және көліктік инфрақұрылымдарының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті құрылыс-жайларды орналастыру және салу үшін резервтік аумақтар болып табылады.

9. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағында құрылыс салу астананың және республикалық маңызы бар қалалардың сәулет және қала құрылысы органдарымен келісілген, көрсетілген аймақта орналасқан елді мекендердің бас жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағында орналастыру белгіленген, қаланың сәулеті мен экологиясына әсер ететін, елді мекендердің шегінен тыс жер учаскелері көзделген аса маңызды объектілер бойынша астана мен республикалық маңызы бар қалалардың атқарушы органы және аумағы қала маңы аймағына қосылған облыстық атқарушы орган осы объектілерді орналастыру үшін жер учаскелерін таңдау жөніндегі арнайы комиссия құрады.

Көрсетілген комиссияның құрамына астананың немесе республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің және аумағы қала маңы аймағына қосылған облыстық атқарушы органдар мен тиісті сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары жөніндегі, ауыл шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау органдарының, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметің және басқа да мүдделі ведомстволардың өкілдері кіреді.

11. Қала құрылысын ерекше реттеу аймағында жеке және заңды тұлғаларға жер учаскелерін меншікке немесе жер пайдалануға беруді немесе олардың нысаналы мақсатын өзгертуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдар өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.